**"Дене шынықтыру және спорт саласында азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу мен шарттарының ережесін, сондай-ақ Жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушыларға біліктілік санаттарын беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің м.а. 2011 жылы 5 наурыздағы № 02-02-18/29 бұйрығына өзгеріс бойынша**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2013 жылғы 26 қыркүйектегі № 343 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 30 қазанда № 8864 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 10 маусымдағы № 157 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 10.06.2016 № 157 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабы 20) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. «Дене шынықтыру және спорт саласында азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу мен шарттарының ережесін, сондай-ақ Жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушыларға біліктілік санаттарын беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің м.а. 2011 жылы 5 наурыздағы № 02-02-18/29 бұйрығына (бұдан әрі – бұйрық) (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізімінде № 6864 тіркелді; «Егемен Қазақстан» 2011 жылғы 24 мамырдағы № 215-216 (26614) жарияланды; Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы, 2011 жылғы № 16) келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушыларға біліктілік санаттарын беру ережесінде осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Дене шынықтыру департаменті (Қ.М. Қазбеков ):

1) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуге ұсынсын;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми

жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Баспасөз қызметі осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оны Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің ресми сайтында жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының орынбасары Е.Б. Қанағатовқа жүктелсін

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төраға Е. Қожағапанов*

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2011 жылғы 5 наурыздағы № 02-02-18/29 бұйрығына қосымша

«Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің м.а. 2011 жылғы 5 наурыздағы № 02-02-18/29 бұйрығына 2-қосымша

## Жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушыларға біліктілік санаттарын беру ЕРЕЖЕСІ 1. Жалпы ережелер

1. Осы Жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушыларға біліктілік санаттарын беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңының 22-1-бабының 3 және 4-тармақшаларына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже дене шынықтыру және спорт ұйымдарының жаттықтырушыларына, әдіскерлеріне, нұсқаушыларына біліктілік санаттарын берудің тәртібін реттейді.

Біліктілік санаттарын беру кәсіби шеберлікті көтеру, спортшыларды оқытудағы және тәрбиелеудегі жауапкершілікті арттыру мақсатында жүргізіледі және дене шынықтыру мен спорт қызметкерлерінің қоғамдағы орны мен беделін арттыруға, қызметтерінің деңгейін көтеруге, оларды жемісті еңбегі үшін

моральдық және материалдық көтермелеу мүмкіндігін кеңейтуге ықпал ететін болады.

Біліктілік санаттарын берудің негізгі принциптері еріктілік, ашықтылық, алқалық, жүйелілік болып табылады.

3. Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік санаты - қызметкерлерге белгілі бір күрделі дәрежедегі кәсіби міндеттерді шешу мүмкіндігін қамтамасыз ететін, нормативтік критерийлерге сәйкес келетін біліктілік деңгейі;

2) біліктілік санатын беру - жаттықтырушы-оқытушы құрамының білім деңгейінің дене шынықтыру және спорт саласында көрсетілетін қызметке сәйкестігін бақылау мақсатында өткізілетін рәсім.

4. Санаттарды игеруде Дене шынықтыру және спорт қызметкерлерінің мына санаттары жатады:

1) барлық мамандықтардың жаттықтырушылары;

2) барлық мамандықтардың әдіскерлері;

3) нұсқаушы-спортшылар;

5. Біліктілік комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) комиссияны өткізудің мерзімдерін анықтайды, өтініш берілген біліктілік санатына үміткердің сәйкестігіне құжаттарын қарайды, комиссия жұмысының нәтижелері бойынша үш күн ішінде шешім шығарады.

6. Біліктілік комиссиясы:

1) Қазақстан Республикасы спорт және дене шынықтыру істері агенттігінде - дене шынықтыру және спорт ұйымдарының қызметкерлеріне мынадай біліктілік санаттарын беру үшін құрылады:

біліктілігі жоғары және орташа деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы;

«Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы» құрмет атағы;

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты нұсқаушы-спортшы;

біліктілігі жоғары және орташа деңгейдегі жоғары санатты әдіскер.

2) облыстарда (республикалық маңызы бар қалада және астанада) дене шынықтыру және спорт жөніндегі атқарушы органдарда - дене шынықтыру және спорт ұйымдарының қызметкерлеріне мынадай біліктілік санаттарын беру үшін құрылады:

біліктілігі жоғары және орташа деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы;

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы;

біліктілігі жоғары және орташа деңгейдегі бірінші санатты әдіскер.

3) дене шынықтыру және спорт жөніндегі аудандық атқарушы органдарда - тиісті аудандар мен қалалардың дене шынықтыру және спорт ұйымдарының қызметкерлеріне мынадай біліктілік санаттарын беру үшін құрылады:

біліктілігі жоғары және орташа деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы;
біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы;
біліктілігі жоғары және орташа деңгейдегі екінші санатты әдіскер.

7. Комиссияның құрамына: комиссияның төрағасы - басшының орынбасары, жауапты қызметкерлер, біліктілік санатын беру жөніндегі уәкілетті ведомствоның немесе жергілікті атқарушы органның заңгері, ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшылары, жетекші жаттықтырушы-оқытушылар кіреді.

## 2. Біліктілік санаттарын беру тәртібі

8. Қызметкерге біліктілік санаттарын беру 5 жыл ішінде кемінде бір рет біліктілік курстарынан өткен жағдайда, оның біліктілік деңгейін, кәсіби құзыреттілігін, әдістемелік жұмысқа қатысуын талдаудың негізінде өткізіледі.

9. Санаттар жаттықтырушының спортшымен кемінде екі жыл жұмыс істеген өтілі болған жағдайда және комиссия шешімі қабылданған күннен бастап 5 жылдық мерзімге беріледі.

10. Берілген біліктілік санатының қолданыс мерзімі аяқталысымен, біліктілік санатын қорғауға өтінім бермеген немесе оны қорғамаған қызметкер өзінің біліктілік санатын растауы тиіс. Өзінің біліктілік санатын растамаған қызметкердің біліктілік санаты тиісті біліктілік комиссиясының шешімімен санаттың бір деңгейіне төмендейді.

11. Санаттарды беру осы ереженің 1-қосымшасындағы нысанға сәйкес дене шынықтыру және спорт ұйымдары қызметкерлерінің лауазымдарына арналған біліктілік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Жоғары санат талаптарын орындаған және «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атағы бар жаттықтырушы үшін көрсетілген санаттың қолданылу мерзімі шектелмейді.

13. «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы» құрметті спорт атағын иеленудің талаптары орындалған жағдайда, комиссия қызметкердің өтініші бойынша қызметкердің санатын көтеру мақсатында белгілей алады.

14. Біліктілік санаты төмендегі спорт түрлерін, велоспорт және спорттың ойын түрлері, спорттық гимнастика, көркем гимнастика, мәнерлеп сырғанау, суға секіру, үйлесімді жүзу, биатлон, шаңғы қоссайысы, қазіргі бессайысты қоспағанда, сонымен қатар спортшыларды одан әрі спорттық шеберліктерін көтеру үшін басқа жаттықтырушыларға тапсыруды қоспағанда, бір спортшыны дайындаған бірнеше жаттықтырушыға берілмейді.

Спортшыларды одан әрі спорттық шеберліктерін көтеру үшін басқа жаттықтырушыларға тапсырған жаттықтырушылардың спортшының

тапсырылған сәтінен бастап екі жыл ішінде қол жеткізген нәтижелері бойынша біліктілік санаттарын иеленуге құқылары бар.

15. Қолданыс мерзімі өткеннен кейін қызметкерлердің біліктілік санаттары олардың өтініштерінің негізінде мына жағдайларда ұзартылады:

1) уақытша еңбекке жарамсыздығы;

2) жүктілік және босану, бала күтімі бойынша демалыста болуы;

3) мемлекеттік органдардың, спорт түрлерінен қоғамдық бірлестіктердің, дене шынықтыру-сауықтыру ұйымдарының жіберуімен шетелде мамандығы бойынша іссапарда, оқуда, жұмыста болуы.

16. Жаттықтырушыға біліктілік санаттарын беру және/немесе растау үшін жаттықтырушы комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Осы Ереженің 2-қосымшасындағы нысанға сәйкес өтініш;

2) жеке куәлігінің көшірмесі;

3) білімі туралы, біліктілігін арттыруы туралы құжаттардың көшірмелері;

4) жұмыс берушінің оны тоқтату күні мен негіздемесі туралы белгісі бар еңбек кітапшасының және еңбек шартының көшірмесі, немесе еңбек шартын жасау және тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс берушінің актісінің үзіндісінің көшірмесі, немесе қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтен тұратын мұрағат анықтамасының көшірмесі;

5) осы Ереженің 3-қосымшасындағы нысанға сәйкес жаттықтырушы-оқытушының спортшыны даярлауы туралы анықтама (біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі санаты жоқ жаттықтырушының біліктілік санаттарын қоспағанда);

6) аталған спорт түрінен республикалық федерацияның мөрімен расталған жарыстар хаттамаларының көшірмелері (біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі санаты жоқ жаттықтырушының біліктілік санаттарын қоспағанда);

7) бұдан бұрынғы біліктілік санатының берілуі туралы куәліктің көшірмесі.

17. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы» (бұдан әрі - құрметті атағы) құрмет атағын алу үшін жаттықтырушы комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Осы Ереженің 6-қосымшасындағы нысанға сәйкес ұсыным;

2) спорт түрлері бойынша республикалық федерацияның басшысының мөрімен қолы қойылған жарыс хаттамасының көшірмесі;

3) 2 дана 3х4 фото.

18. Әдіскерлерге біліктілік санатын беру және/немесе растау үшін әдіскер комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Осы Ереженің 2-қосымшасындағы нысанға сәйкес өтініш;

2) жеке куәлігінің көшірмесі;

3) білімі туралы, біліктілігін арттыруы туралы құжаттардың көшірмелері;

4) жұмыс берушінің оны тоқтату күні мен негіздемесі туралы белгісі бар еңбек кітапшасының және еңбек шартының көшірмесі, немесе еңбек шартын жасау және тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс берушінің актісінің үзіндісінің көшірмесі, немесе қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтен тұратын мұрағат анықтамасының көшірмесі;

5) бұдан бұрынғы біліктілік санатының берілуі туралы куәліктің көшірмесі.

19. Нұсқаушыларға біліктілік санатын беру және/немесе растау үшін нұсқаушы комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Осы Ереженің 2-қосымшасындағы нысанға сәйкес өтініш;

2) жеке куәлігінің көшірмесі;

3) білімі туралы, біліктілігін арттыруы туралы құжаттардың көшірмелері;

4) жұмыс берушінің оны тоқтату күні мен негіздемесі туралы белгісі бар еңбек кітапшасының және еңбек шартының көшірмесі, немесе еңбек шартын жасау және тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс берушінің актісінің үзіндісінің көшірмесі, немесе қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтен тұратын мұрағат анықтамасының көшірмесі;

5) спорт түрінен республикалық федерацияның спортшының соңғы 2 жылдағы жетістіктері көрсетілген, біліктілік санатын беру туралы мөрмен расталған қолдаухаты;

6) бұдан бұрынғы біліктілік санатының берілуі туралы куәліктің көшірмесі.

20. Үміткерге біліктілік санатын беру нәтижелері комиссия отырысының қорытындылары бойынша дауыс берумен анықталады және хаттама түрінде рәсімделеді. Хаттамаға төраға, төрағаның орынбасары, хатшы және біліктілік комиссиясының мүшелері үш күнде мерзімде қол қояды.

Егер комиссия отырысына оның 2/3 мүшесі қатысса, онда комиссия қорытындысы жарамды деп есептеледі. Дауыс беру нәтижелері отырысқа қатысқан комиссия мүшелері санының 3/4-нен көбі дауыс бергенде анықталады. Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасының даусы шешуші болып табылады. Әрбір үміткерге біліктілік санатын беруге қатысты комиссия мынадай қорытындылардың бірін береді:

- өтінім берілген санаттың талаптарына сай;
- өтінім берілген санаттың талаптарына сай емес.

21. Үміткер комиссия қорытындысымен келіспеген жағдайда, комиссия шешіміне Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне өтініш беру арқылы, немесе шағым түсірілетін шешім алынған сәттен бастап 3 ай ішінде тікелей сотқа өтініш беру арқылы шағымдана алады.

## 3. Ереженің қорытындысы

22. Біліктілік санатын беруге уәкілетті ведомствоның немесе жергілікті атқарушы органның басшылары комиссия қорытындысының негізінде қызметкерлерге біліктілік санатын беру туралы бұйрық шығарады.

23. Жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушыларға біліктілік берудің нәтижелері бойынша осы Ереженің 4-қосымшасындағы нысанға сәйкес белгіленген үлгідегі куәлік беріледі. Куәліктің көшірмесі олардың жеке ісінде сақталады. Куәліктердің берілуі осы Ереженің 5-қосымшасындағы нысанға сәйкес журналға тіркеледі.

24. Біліктілік санаттарын беру туралы куәліктер Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.

25. Біліктілік санаттарын беру туралы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Жаттықтырушыларға, әдіскерлерге,
нұсқаушыларға біліктілік
санаттарын беру ережесіне
№ 1-қосымша
нысан

## Дене шынықтыру және спорт ұйымдарының қызметкерлерінің лауазымдарына арналған біліктілік талаптары

## 1. Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы

Біліктілік талаптары: жоғары білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі, біліктілік арттыру курсынан өтуі, тиісті куәлігінің болуы тиіс, соның ішінде:

Олимпиада, Параолимпиялық, Сурдолимпиялық ойындарда спорт түрлерінен бағдарламада немесе спорттың ойын түрлерінен жеке, командалық нөмірлерде 1-6 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе Азия ойындарында, Азияның Параолимпиялық, Сурдолимпиялық ойындарында спорт түрлерінен немесе спорттың ойын Түрлерінен жеке, командалық нөмірлерде 1-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе әлем, Азия, Еуропа чемпионаттарында, Дүниежүзілік универсиадаларда, халықаралық жасөспірімдер ойындарында жеке немесе командалық ойын түрлерінен 1-5 орын алған, немесе студенттер арасындағы чемпионатта 1 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе мүгедектер спорты түрлерінен әлем, Азия чемпионаттарында, Дүниежүзілік мүгедектер ойындарында, Азия Жасөспірімдер Параолимпиялық ойындарында спорттың жеке немесе ойын түрлерінен 1-5 орын алған немесе жастар мен мүгедек студенттер арасындағы әлем чемпионаттарында 1 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе жеткіншектер арасындағы элем немесе Азия чемпионатында 1-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе жеткіншектер арасындағы мүгедектер спорты түрлерінен әлем немесе Азия чемпионатында 1-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе республиканың ұлттық құрама командасына үш спортшыны дайындау ;

немесе республиканың жастар құрама командасына төрт спортшыны дайындау;

немесе республиканың жасөспірімдер құрама командасына бес спортшыны дайындау;

немесе елдің құрама командасының бас, мемлекеттік, аға жаттықтырушысы ретінде кемінде үш жыл жаттықтырушы-оқытушы ретінде жұмыс істеу.

Білімі: Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», « Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі басқа да стратегиялық және бағдарламалық құжаттар, дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер, заманауи спорт ғылымы жетістіктері, отандық және шет елдік спортты дамытудың жаңа медико-биологиялық және фармакологиялық әдістері мен үрдістері, спорт түрінен оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру, еңбек заңнамасының еңбекті қорғау негіздері, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық нормалар.

## 2. Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы

Біліктілік талаптары: жоғары білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс, соның ішінде:

Олимпиадалық, Параолимпиялық, Сурдолимпиялық ойындарға бір қатысушыны дайындау;

немесе Азия ойындарында, Азия Параолимпиялық, Сурдолимпиялық ойындарында спорт түрлерінен немесе спорттың ойын түрлерінен жеке, командалық нөмірлерде 4-6 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе әлем, Азия, Европа чемпионаттарына, Дүниежүзілік универсиадаларға

бір қатысушыны дайындау;

немесе мүгедектер спорты түрлерінен әлем, Азия чемпионаттарында, Дүниежүзілік мүгедектер ойындарында, Азия Жасөспірімдер Параолимпиялық ойындарында спорттың жеке немесе ойын түрлерінен 6-9 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе халықаралық кешенді жеткіншектер арасындағы ойындарда жеке немесе спорттың ойын түрлерінен 6-9 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе жеткіншектер арасында мүгедектер спорты түрінен әлем немесе Азия чемпионатында 4-6 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе республиканың ұлттық құрама командасына екі спортшыны дайындау ;

немесе республиканың жастар құрама командасына үш спортшыны дайындау ;

немесе республиканың жасөспірімдер құрама командасына төрт спортшыны дайындау;

немесе спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернатта немесе спорт колледжінде одан әрі жаттығуы үшін төрт спортшыны тапсыру;

немесе елдің құрама командасының бас, мемлекеттік, аға жаттықтырушысы ретінде кемінде бір жыл жаттықтырушы-оқытушы ретінде жұмыс істеу;

немесе дене шынықтыру және спорт жөніндегі республикалық немесе облыстық уәкілетті органда кемінде екі жыл ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс істеу.

Білімі: Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», « Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттар, дене шынықтыру және спорт саласындағы басқа да заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер, заманауи спорт ғылымы жетістіктері, отандық және шет елдік спортты дамытудың жаңа медико-биологиялық және фармакологиялық әдістері мен үрдістері, спорт түрлерінен оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру, еңбек заңнамасының, еңбекті қорғау негіздері, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық нормалар.

## 3. Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы

Біліктілік талаптары: жоғары білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс, соның ішінде:

кешенді халықаралық жасөспірімдер ойындарында спорттың жеке немесе

ойын түрлерінен 6-8 орын алған бір спортшыны дайындау; немесе жасөспірімдер арасында мүгедектер спорты түрлерінен әлем немесе Азия чемпионаттарында 6-8 орын алған бір спортшыны дайындау; немесе спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернатқа немесе спорт колледжіне одан әрі жаттығуы үшін екі спортшыны тапсыру; немесе облыстардың, Астана және Алматы қалаларының құрама командаларына үш спортшыны дайындау; немесе дене шынықтыру және спорт жөніндегі республикалық немесе облыстық уәкілетті органда кемінде екі жыл ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс істеу;

немесе дене шынықтыру және спорт жоғары оқу орнын немесе басқа жоғары оқу орнының дене тәрбиесі факультетін үздік бітіргені туралы дипломының, сондай-ақ көрсетілген оқу орны мен факультетті бітіргені туралы диплом мен «Қазақстан Республикасының спорт шеберінен» төмен емес спорттық атағының болуы.

Білімі: Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттар, дене шынықтыру және спорт саласындағы басқа да заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер, заманауи спорт ғылымы жетістіктері, отандық және шет елдік спортты дамытудың жаңа медико-биологиялық және фармакологиялық әдістері мен үрдістері, спорт түрінен оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру, еңбек заңнамасының, еңбекті қорғау негіздері, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық нормалар.

## 4. Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ жаттықтырушы

Біліктілік талаптары: жоғары білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі болуы.

Білімі: Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттар, дене шынықтыру және спорт саласындағы басқа да заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер, заманауи спорт ғылымы жетістіктері, отандық және шет елдік спортты дамытудың жаңа

медико-биологиялық және фармакологиялық әдістері мен үрдістері, спорт түрінен оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру, еңбек заңнамасының, еңбекті қорғау негіздері, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық нормалар.

## 5. Біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы

Біліктілік талаптары: орта білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс, соның ішінде:

Олимпиада, Параолимпиялық, Сурдолимпиялық ойындарда спорт түрлерінен немесе ойын спорты түрлерінен жеке, командалық нөмірлерде 1-6 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе Азия ойындарында, Азия Параолимпиялық, Сурдолимпиялық ойындарында спорт түрлерінен немесе спорттың ойын түрлерінен жеке, командалық нөмірлерде 1-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе әлем, Азия, Еуропа чемпионаттарында, Дүниежүзілік универсиадаларда, кешенді халықаралық жасөспірімдер ойындарында спорттың жеке немесе ойын түрлерінен 1-5 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе мүгедектер спорты түрлерінен әлем, Азия чемпионаттарында, Дүниежүзілік мүгедектер ойындарында, Азия Жасөспірімдер Параолимпиялық ойындарында спорттың жеке немесе ойын түрлерінен 1-5 орын алған немесе жастар және мүгедек студенттер арасындағы әлем чемпионатында 1 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе жеткіншектер арасындағы әлем немесе Азия чемпионатында 1-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе жеткіншектер арасындағы мүгедектер спорты түрлерінен элем немесе Азия чемпионатында 1-3 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе республиканың ұлттық құрама командасына үш спортшыны дайындау ;

немесе республиканың жастар құрама командасына төрт спортшыны дайындау;

немесе республиканың жасөспірімдер құрама командасына бес спортшыны дайындау;

немесе елдің құрама командасында мемлекеттік, аға жаттықтырушы ретінде кемінде үш жыл жұмыс істеу;

немесе дене шынықтыру және спорт жөніндегі республикалық немесе облыстық уәкілетті органда кемінде үш жыл ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс істеу.

Білімі: Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «

Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттар, дене шынықтыру және спорт саласындағы басқа да заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер, заманауи спорт ғылымы жетістіктері, отандық және шет елдік спортты дамытудың жаңа медико-биологиялық және фармакологиялық әдістері мен үрдістері, спорт түрінен оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру, еңбек заңнамасының, еңбекті қорғау негіздері, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық нормалар.

## 6. Біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы

Біліктілік талаптары: орта білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс, соның ішінде:

Олимпиада, Параолимпиялық, Сурдолимпиялық ойындардың бір қатысушысын дайындау;

немесе Азия ойындарында, Азия Параолимпиялық, Сурдолимпиялық ойындарында спорт түрлерінен жеке, командалық нөмірлерде немесе ойын спорты түрлерінен 4-6 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе әлем, Азия, Еуропа чемпионаттарының, Дүниежүзілік универсиадалардың бір қатысушысын дайындау;

немесе мүгедектер спорты түрлерінен әлем, Азия чемпионаттарында, Дүниежүзілік мүгедектер ойындарында, Азия Жасөспірімдер Параолимпиялық ойындарда спорттың жеке немесе ойын түрлерінен бір қатысушыны немесе жастар мен студенттердің әлем чемпионатында 1 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе кешенді халықаралық жасөспірімдер ойындарында спорттық жеке немесе ойын түрлерінен 6-9 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе жеткіншектер арасындағы әлем немесе Азия чемпионатында 4-6 орын алған бір спортшыны дайындау;

немесе республиканың ұлттық құрама командасына екі спортшыны дайындау;

немесе республиканың жастар құрама командасына үш спортшыны дайындау;

немесе республиканың жасөспірімдер құрама командасына төрт спортшыны дайындау;

немесе спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернатта немесе спорт колледжінде одан әрі жаттығу үшін екі спортшыны тапсыру;

немесе елдің құрама командасының бас, мемлекеттік, аға жаттықтырушысы

ретінде кемінде бір жыл жаттықтырушылық-оқытушылық жұмыс істеу;
немесе дене шынықтыру және спорт жөніндегі республикалық немесе облыстық уәкілетті органда кемінде екі жыл ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс істеу.

Білімі: Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», « Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары, Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі стратегиялық және бағдарламалық құжаттар, дене шынықтыру және спорт саласындағы басқа да заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер, заманауи спорт ғылымы жетістіктері, отандық және шет елдік спортты дамытудың жаңа медико-биологиялық және фармакологиялық әдістері мен үрдістері, спорт түрінен оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру, еңбек заңнамасының, еңбекті қорғау негіздері, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық-гигиеналық нормалар.

## 7. Біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы

Біліктілік талаптары:. орта білім (дене шынықтыру), мамандығы бойынша кемінде 2 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс, соның ішінде:
әлем, Еуропа, Азия, чемпионаттарына, Азия ойындарына, әлем кубогы кезеңдеріне, Дүниежүзілік жасөспірімдер ойындарына, ТМД, Балтық және Ресей өңірлері елдерінің халықаралық жасөспірімдер ойындарына спорттық жеке немесе ойын түрлерінен бір қатысушыны дайындау;
немесе мүгедектер спорты түрлерінен әлем, Азия чемпионаттарына, Дүниежүзілік мүгедектер ойындарына, Азия Жасөспірімдер Параолимпиялық ойындарына спорттық жеке немесе ойын түрлерінен қатысушы бір спортшыны немесе жастар және мүгедек студенттер арасындағы элем чемпионатында 1 орын алған бір спортшыны дайындау;
